

Ұрпақтарға ұран болған-Ұлы Жеңіс!»



Ержүрек жауынгерлер жан-жақтан атқылаған зеңбіректер мен оқтарға қарамастан, өмір мен өлімнің арасында жүрсе де, көңіл көтеріп, ән айтуды тоқтатпаған. Оған дәлел, осы күнге дейін жатталып, айтылатын соғыс кезіндегі әндер. Соғыс жайлы, жеңіс жайлы жүздеген әндер шығарылған, қазақ тілінде де олар аз емес. Ұлы Жеңісті дәріптеу, өз Отанын, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата - бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеруге, үлгі - өнеге тұту мақсатында 8 мамыр 5-10 сығыптар арасында Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда туған әндер, тақырыптық әндерді орындаудан хор байқауы ұйымдастырылды. Байқауда «Катюша», «Священная война», «Смуглянка», «Болмасын соғыс», «День победы», «Журавли», «Бейбіт ақын тілегі», «Соғыстан қайтқан солдаттар» т.б әндер орындалды. Байқау Ұлы Отан соғысында ерлікпен



қаза тапқан боздақтарды еске алудан басталды.



